

РАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ, I

XIII–XIV ғасырлардағы Афроеуразия
кеңістігіндегі мемлекеттер





Транссахара байланыстары

XIII ғасыр Үндіқытай тарихында қиын-қыстау кезең болды. Кхмер империясы құлап қана қоймай, сондай-ақ, ежелгі бирман патшалығы Паган мен соңғы тәуелсіз Мон мемлекеті Харипунджайя өмір сүруін тоқтатты. Бұл апаттың негізгі себебі ретінде оқулық авторлары Қытайды моңғолдардың жаулап алуының аяқталуы және осыдан тай тайпаларының Үндіқытай жартылай аралына жаппай көшу-қону толқынын атайды. XIII ғасырдағы Үндіқытай ежелгі мемлекеттерінің құлауының басты себебі моңғол және тай шапқыншылығынан емес, ерте таптық мемлекеттердің қалжырауы, халық тобын басу үшін ішкі саяси ресурстардың таусылуы да себеп болған сияқты.

X ғасырдан бастап Батыс Еуропада қалалардың қарқынды өсуі орын алады. Олар қолөнер мен сауданың орталықтарына айналады, оның өзі әкімшілік, әскери және шіркеулік биліктің шоғырланған ортасы екенін көрсетті. Орта ғасырдағы қалалар үлкен болған жоқ, халық саны бірнеше он мыңды құраған қалалар «үлкен қалалар» деп саналды. X–XIII ғасырда қалалардың саяси тәуелсіздік және өзін-өзі басқару – коммуналдық қозғалысы үшін феодалдық сеньорларға қарсы күрес басталды.

Мали империясы шамамен XI ғасырдың ортасында қалыптасты. XIII ғасырда барынша гүлденіп тұрған кезінде Гаодан Текрурға, яғни қазіргі Сенегалға дейінгі аумақты иеленді және әлемдегі алтынды шығарушылардың негізгілерінің бірі болды.

Сондай-ақ Гана, Мали және Сонгай ең ірі және қуатты африкалық мемлекеттер болды. Африкада Канем мемлекеті, йоруб тайпасының патшалығы – Ифе мен Бенин, Конго корольдігі және басқалары өмір сүрді және гүлденіп дамыды.

Жалпы Үнді мұхиты бассейнінде Оңтүстік-Шығыс Азиядан Шығыс Африкаға дейінгі аумақ, яғни моңғол шапқыншылығынан қиындықтарды бастан кешірсе де, осы кеңістікте жаңа және дамыған порттар, қала-мемлекеттермен, тұрғындар санының өсуімен, урбанизация және мәдени инновацияның өсу қарқынымен ерекшеленген елдер болды.

Оңтүстік-Шығыс Азиядағы сауда мен мемлекет құру істері

Кітап авторларының деректеріне сүйенсек, X ғасырда кішігірім кхмер иелігінің князі Джайяварман II өздерін құдай және «әлемнің патшасы» деп жариялаған абыздар – аравартиндер көмегімен бірыңғай кхмер державасы Камбоджаны құрды. Оның астанасы Джайяварман II салған Ангкор қаласы болды. Камбоджада Үндістаннан келген Буддизм кең таралды. Ангкор мемлекеті – Камбоджа Яшоварман I патшасы кезеңінде барынша гүлденіп, дамыды. Сол уақыттағы алпауыт ирригациялық жүйе құрылды; орасан үлкен бекіністі үйінділер көтерілді, оның ар жағына жаңбыр суы жиналды, қазылған арналар арқылы алқаптарға су жіберілді. Жерді пайдаланушы қауымдар жылына үш реттен түсім жинады. Мемлекет халықтың тұрмысының абаттандырылуын бақылап отырды, жолдар мен ауруханалар салды. Камбоджада жүз екі аурухана жұмыс істеді; олардың әрқайсысының штаты екі дәрігер, дәрігердің жеті көмекшісі, он төрт медбике, екі аспаз бен алты қызметшіні құрады. Ауруханаларды жерді пайдаланушылар төлеген ерекше салықтың есебінен ұстады. XIII ғасырда Ангкор мемлекеті құлдырай бастады, XIV ғасырда оны сиам тайпалары жаулап алды.

Үндістаннан алыс емес – Иравади өзені бассейнінде, бүгінгі күні Мьянма (Бирма) орналасқан, білімді патша Аноратха билігімен жергілікті тайпалардың бірігуі нәтижесінде Паган атты күшті мемлекет бой көтерді. Аноратха өз мемлекетінде Буддизмді мемлекеттік дін етті, ол жергілікті пұтқа табынуды ығыстыра бастады. Жасыл бау-бақшаға көмкерілген Паган астанасында 4 млн. будда храмы жұмыс істеді, олардың ішіндегі ең үлкені Табинью болды.

Оқулық авторлары Бирмада Буддизмнің таралуымен өзінің жазбасы пайда болғанын айтады. Паганда үш инстанциядан тұратын мемлекеттік соттар (жоғары – патша кезіндегі сот) жұмыс істеді, олар негізінен адамдар арасындағы даулы мәселелерді қарастырды. Егер сотта талап берушінің немесе жауап берушінің құқықтығын анықтау мүмкін болмаса, оларды сынады, мысалы, құрғақ күрішті жеуге мәжбүрледі. Кім шындығын айтпаса, ол толқып күрішті ақырын жейді дейді деп санаған және сот кім күрішті тез жейді, соның пайдасына шешкен.



XIV ғасырда Үндіқытайға сол уақыттағы күшті державаның әскері кенеттен басып кірді, ол Қытай өркениетін тізе бүктірген және ислам әлемінің бай қалаларын күлге айналдырған – Моңғол империясы болды. Гүлденіп дамыған Паган державасы Шыңғысханның немересі Хұбылай хан бастаған моңғол жауынгерлерінің алдыңғы қатарлы әскери және стратегиялық шеберлігіне қарсы тұра алмады. Алысқа ататын моңғол жебелері паган әскерлері мінген ауыр қозғалатын пілдерді оңай өлтірді, ал қолайсыз бирма қылыштарына қарағанда, жеңіл дала қылыштары сияқты қару-жарақ барынша қолайлы болды. Моңғолдар Оңтүстік-Шығыс Азияның бай мемлекетін түк қалдырмай тонап, өздерінен кейін қанға бөккен даланы, күлге айналған үйінділерді қалдырды.

Паганмен қатар бір уақытта Суматра үлкен аралының шығысында Шривиджайя мемлекеті гүлденіп дамыды және Қытайдан Үндістанға қарай маңызды теңіз жолдарын бақылады, билеушісі махараджалар болды. X–XII ғасырда Шривиджайя Оңтүстік-Шығыс Азиядағы күшті мемлекет болды. Алайда XII ғасырдың басында оның қолайлы географиялық орналасуына қызыққан Үндістандағы Чол мемлекетінің әскері ол мемлекетке жорық жасады. Үндістер тойтарғаннан кейін Шривиджайя құлдырай бастады, XIV ғасырда жекелеген иеліктерге бөлшектелді.

Паганды қираған үйінділерге айналдырған Хұбылай ханның моңғолдары Зонд аралдарын басып алуға тырысты. Бірақ қыр адамдары теңізде нашар жүзушілер болып шықты және моңғолдар аралға жаңа күштерді жылдам жеткізе алмады. Сонымен қатар қарапайым моңғолдарға суға толы күріш алаңдары, биік таулар мен адам өтуі қиын ну орманның арасында әскери тәртіпте ұрыс жүргізу мүмкін болмады. Нәтижесінде Ява аралында Хұбылай хан әскері жергілікті мемлекет Маджапахиттің әскерінен ауыр жеңіліс тапты.

Моңғолдарды жеңгеннен кейін олар өңірдегі ықпалды күшке айналды, онда ғылым мен өнер дамыды. Гаджа Мада басқаруы кезінде Индонезия – Двипантараның барлық аралдары Маджапахит билігінде болды. Бірақ XV ғасырда әрдайым орын алып тұрған өзара тартыстың салдарынан Маджапахит бұрынғы ықпалын жоғалтты, ал аумағы бірнеше есеге қысқарды.

Кітап авторлары атап өткендей, сол уақытта Индонезияға Ислам діні тарай бастады, кемелермен келген араб саудагерлері дінді уағыздаушылар болды. Мұсылман өркениетінің ерекшелігі сол, ислам заңдарын мәдениеттері әртүрлі болса да өзге мемлекеттердің халқының әртүрлі топтары қабылдады. Барлық мұсылмандардың теңдігі және мұсылман емес билеушіге бағынуға тыйым салу туралы Ислам оқулары көпшілік қожалардың Маджапахит деспотты орталық билігіне қарсы шығуға итермеледі және мұсылман көтерілісшілерімен соғыста оның соңғы патшасы қаза тапты.

Еуропадағы қала қоғамы

Екі ғасыр ішінде (1096–1270) Палестинада Батыс Еуропа феодалдарының діни соғыстары жалғасты, ол крестшілер жорығы атағын алды. Оларға рух беруші және идеологы шіркеу болды, ол «Құдай табытын босату» (папа Урбан II) үшін дінсіздермен қарулы күресті бастауға шақырды. Олардың біріншісінде крестшілер Жерорта теңізі жағалауының бойындағы бірқатар аумақты және Иерусалимді (1099) басып алды. Жаулап алған жерлерде жаңа мемлекеттер пайда болды; онда феодалдық тәртіп орнатылды. Кейінгі жорықтар табыспен аяқталмады, Константинополь батыл шабуылмен алынды, тоналды және өртеп жіберілді – 1204 ж.).

XII ғасырда крестшілер жаулап алған жерлерінен біртіндеп айырыла бастайды, ол аумақтар мұсылмандарға өтеді. XIII ғасырдың соңында соңғы қамал – Акра бекінісі құлайды. Крест жорығы кезінде ерекше ұйымдар құрылды: рухани-рыцарьлық ордендер: тамплиерлер (храм рыцарьлары), иоаниттер (госпитальерлер) және Тевтондық (неміс рыцарьлары). Кәсіби жауынгерлердің қатаң орталықтандырылған құрылымдары алдымен Шығыста, кейіннен Еуропада қуатты күшке айналады, олар Еуропада теңіздің ар жағындағы иеліктерді жоғалтқаннан кейін тұрақтады.

Францияда XI ғасырдан бастап орталықтандыру процесі басталды, оған басқа жағдайлар, ағылшын тәжінің құрлықтық иеліктері кедергі келтірді. Ағылшындармен күресте Филипп II Август үлкен табысқа жетті, ол Франциядағы ағылшын королі Иоанн II Безземельный иеліктерін



тәркіленген деп жариялады. Оңтүстікте дамыған (Альби қаласы) вальденстер мен катарлардың альбигойлық дінбұзарлығы король мен католиктік шіркеуге Альбигой соғысы (1209–29) ретінде белгілі «крест жорықтарын» бастауға себеп болды.

Мемлекеттік құрылым нысандары өзгереді. Әсіресе билікті нығайтуда Қасиетті құрметті атағын алған Людовик IX (1226–70) табысқа жетті. XIV ғасырдың басында Филипп IV (1285–1314) билігінде сословиелік монархия құрылады, Бас штаттар, сословиелік өкілдік органы шақырылады. Корольдік билікті күшейту зиялы биліктен рухани биліктің супрематиясына ынталы папаның қарсылығын туындатады. Папа тағына қақтығыс кезінде француз королінің кретурасын сайлайды және папа резиденциясы Римнен Авиньонға көшіріледі, бұл 70 жылдық Авиньон папаларының тұтқындауына бастамасы болды. XIV ғасырдың бірінші жартысында Англия мен Францияның жүз жылдық соғысы (1337–1453) басталады, оған себеп ағылшын королі Эдуард III әулеттік тартысы болды. Соғыстың алғашқы кезеңінде жағдай қайғылы қалыптасты – ағылшындар Францияны басып алды. 70-жылдарда соғыста өзгеріс байқалды, француздар біртіндеп ағылшындарды олар басып алған аумақтардан ығыстырады.

1066 жылы герцог Вильгельмнің басшылығымен нормандар Англияны жаулап алды. Англосакстар Гастингте талқандалды және герцог Вильгельм I Жаулап алушы деген атпен Англияның королі болды. Шаруалар мен англосакс зиялылары көтерілісі аяусыз басып-жаншылды, жерлері тәркіленді және король иелігіне айналды немесе норман жаулап алушыларына берілді. Соңғылары ірі феодалдар – барондардың тобын қалыптастыратын тіректі құрады. Норманд жаулап алуы күшті король билігінің негізін салды, бұл мемлекеттің бірігу процесін жеңілдетті.

XII ғасырдың ортасында феодалдық өзара тартыстан кейін тақты Генрих II Плантагенет (1154–89) иеленді, ол жаңа әулеттің бастамасын қалады. Генрихке Англиядан басқа еуропалық құрлықтағы Анжуй империясы сияқты ірі иеліктер тиесілі болды. XIII ғасырда белді адамдарының наразылығы салдарынан саяси күрес күрделенеді, оның барысында Иоанн Безземельный король билігін шектейтін Еркіндіктің ұлы хартиясына қол қояды. Кейіннен орнаған барон олигархиясы азаматтық (барон) соғысымен аяқталады. Оның нәтижесінде заңнамалық бастамаға құқық алған ағылшын парламенті пайда болды (алғаш 1265 жылы).

Германияда ірі қалалардың үлкен артықшылықтары болған және олар (еркіндікті қалалар деп аталатын) толық өзіндік дербестігін пайдаланған. XII–XIII ғасырда экономикалық көтерілу бірыңғай орталықтың құрылуына әкелмеді. Транзит саудасына бағдарлану, сондай-ақ, қалалардың король билігімен берік одағының болмауы орталықсыздандыру процесін күшейтті. XII ғасырдан бастап неміс феодалдарының шығысқа, славяндар мен Шығыс Прибалтика халықтарына қарай басқыншылығының жаңа кезеңі басталады (рыцарьлардың одан әрі жылжуы 1242 жылы Чудо көлінде тоқтатылды). Неміс «отарлауы» сондай-ақ, Дунай маңындағы жерлеріне де бағытталды, алайда бұл жерде ол барынша бейбіт сипатта болды.

Бұл кезеңдегі Германияның ерекше белгілері жоғарғы биліктің болмауы, феодалдық бытыраңқылық болып табылды. Герман императорларының әлсіреуіне ұлы державалық мүдделерге бағынышты сыртқы саясат себеп болды: айқын мысал – Фридрих I Барбаросс және оның итальян жорықтары. Князьдар орталық биліктің күшеюіне жол бермеуде, түрлі әулеттердің – Габсбургтер, Люксембургтер және т.б. өкілдерін таққа отырғызды. XIV ғасырдың ортасында саяси бытыраңқылық Алтын буллаға заңнамалық ресімдеуді алады.

Италияда үш өңір көрсетіледі, олардың ішінде Солтүстік Италия және Тоскана – ең дамыған облыстар. XII ғасырда қалалар коммуналарға айналып, өздерін-өзі басқаруға қол жеткізеді. Ортағасырлық үлгідегі қала-мемлекеттер немесе қалалық республикалар қалыптасты: Флоренция, Милан, Пиза және басқалары. Орта Италияның айтарлықтай бөлігін Рим астанасымен Папа облысы иеленді. Ол экономикалық және саяси дамуы жағынан солтүстік өңірден артта қалды, мұнда папалықтың реакциялық саясаты өз рөлін атқарды. Оңтүстік Италия мен Сицилияны нормандар жауап алды және Сицилия корольдігіне біріктірілді.

XII ғасырдың екінші жартысында солтүстік Италия қалалары герман императоры Фридрих I тәуелсіздік үшін күреседі. Папаның қолдауын алған Ломбард лигасы неміс рыцарьларын ойсырата жеңді. Осы уақытта Италияда екі саяси ағын пайда болды – гвельфтер мен гибеллиндер, сәйкесінше императордың қарсыластары мен жақтастары. Олардың бәсекелестігі мен қанды қарсылығының белгісімен бүкіл XIII ғасыр өтеді. Қала-мемлекеттердің саяси құрылысы түрлі әлеуметтік жағдайларда қалыптасты. Сондықтан басқару нысандары да әртүрлі болды:



республика (Флоренция), патрициандық олигархия (Венеция и Генуя), монархиялық синьория (Милан). Италия тарихының маңызды сәттеріне капиталистік қатынастардың ертерек дамуын жатқызуға болады. Экономикалық дамуға ықпал ете отырып, олар Өркендеудің жаңа мәдениетінің туындауына ықпал етті.

Батыс Африкадағы ислам

Пиреней жартылай аралы XV ғасырдың соңына дейін саяси бытыраңқы болып қалды: христиан корольдерінің мемлекеттері мавритан иеліктерімен көршілес болды. 1230 жылы Кастилия мен Леонның түпкілікті бірігуі орын алды. Олармен қатар Арагон және Португалия корольдіктері болды. XI–XIV ғасырларда Реконкиста – жаулап алған аумақтарды қайтаруға маврлармен күрес (XIII ғасырдың екінші жартысында маврлар тек Гранада айналасындағы өңірді ғана ұстап тұрды) жалғасты. Әсіресе Испания мен Португалия үшін католиктік шіркеудің маңызы жоғары, өйткені, Реконкиста христиандықтың исламмен қасиетті соғысында өзінің идеялық негіздемесін тапты. Мұнда XII ғасырда құрылған Алькантар, Калатрав және Сантьяго-де-Компостелл рухани-рыцарьлық ордендерінің мүшелері басқарушы таптың ерекше тобы ретінде маңызды рөлді атқарды. Шіркеу жаулап алған аумақтарда мұсылмандарды христиандыққа шақырумен айналысты. Мәжбүрлі түрде шоқындырылған маврлар (морсиктер) көбінесе құпия түрде ислам дінін ұстанушылар болып қалды.

Мали билеушілерінің ең танымалы Манса Мұса болды, ол 1307–1332 жж. билік етті. Жерорта теңізінде Манса байлығы мен асқан әдемілігі ұзақ естерінде қалды, оларға Меккеге сапары кезінде 1324 жылы 500 құл ілесіп жүрді, ал түйелер керуені бес мың уница алтынды апарды. Томбук және Гао сияқты қалаларға ағартушылық және мәдениет орталықтарының мәртебесін сақтап қалу үшін ол Малиге өзімен бірге мұсылман ғалымдары мен сәулетшілерін әкелді. Мұса өзінен кейін күшті империяны қалдырды, ол Сахараның оңтүстік бөлігін Нигер өзенінің солтүстік бөлігін қамтыды. Манса Мұса қайтыс болғаннан кейін бірнеше жылдан соң Малиге барған араб саясаттанушысы Ибн Батута «сол жақтағы заң тәртібі ортағасырлық Еуропада қызығушылық мәніне айналуы мүмкін еді», – деп жазды. Мали империясының құлдырауы XIV–XV ғасырлардың соңына келеді. Оның құлдырауының себебі ішкі тұрақсыздық емес, көршілердің – оңтүстікте мосьтердің, батыста волофтар мен текрурлардың, солтүстікте турагеттердің шапқыншылығы болды. Өңірде біртіндеп басымды рөл Гаодағы астанасымен Сонгай империясына ауыса бастады. Бұл мемлекет IX ғасырда құрылды, ол уақытта берберлер кейіннен исламды қабылдағандар, Нигер алқабында тұрған сонгай жер пайдаланушыларын бағындырды. 1325–1334 жж. бойы Сонгай мемлекеті Мали империясының ең шығыстағы провинциясы болды, бірақ сонгайлықтардың аумақтық басқыншылығы II Эли (1464–1492) билігі кезінде жүз жылдан астам уақыт бұрын басталды.

Йорубтың ең ежелгі қаласы және саяси орталығы Ойо қаласы (Лагостан солтүстікке қарай 180 км) болды. Одан 100 км-де діни орталық – Ифе қаласы орналасқан. XII ғасырда Ифеден шыққан йоруб тайпасының көсемі Эвеке Бенин Бенин қала-мемлекетін құрды. XIV ғасырда оның аумағы 10 шаршы км құрады және биік бекіністік қабырғамен қоршалған болды. Бенин құл саудасының орталығы болды. Йоруб пен Бенин мемлекеттерімен қатар Батыс Африка жағалауынан Конго өзеніне дейінгі кеңістікте тағы бірнеше мемлекеттік құрылымдар қалыптасты. Олардың орталығы Конго корольдігі болды. Банту және Баконго көсемдері Мбанза-Конго қаласында «Маниконго» деп аталатын (Конго әмірлігі) патшалықты құрды. Олар жергілікті сауда тауарларын – алтын мен піл сүйегін, сондай-ақ, құлдарды сатты.

Қорытынды

Орта ғасырда Африкада өркениетті мемлекеттердің болуы туралы қалалардың қалдықтары мен игерілген пайдалы қазбалардың кен орындарының іздері мәлімдейді. Қазіргі Мозамбик және Зимбабве аумақтарын иеленген Мономотапа мемлекеті туралы (оның билеушісінің атымен



Кітап: Рапортта: Дүниежүзі тарихы, I

Дәріс: 25. XIII–XIV ғасырлардағы Афроеуразия кеңістігіндегі мемлекеттер

аталған) мәліметтер сақталды. Мұнда ежелгі монументальдық құрылыстардың қалдықтары кездеседі. Бұл мемлекеттің экономикасы өндіріске және мыс пен алтынды өңдеуге негізделді. XV ғасырда Монотатапа өзінің дамуының ең биік шыңына жетті, бірақ, португалдықтардың ықпалына түсіп, бұрынғы қуаттылығынан айырылып қалды. Құрлықтың шалғай бөлігінде Катанга таулы жерінде (қазіргі Заирдің оңтүстік провинциясы) Луба және Лунда мемлекеттерді орналасты. XV ғасырда олар дамыған мемлекеттерге айналды және Еуропа елдерімен тең әріптестер ретінде сауда жүргізді.

Сұрақтар

1. 1200–1350 жж. кезеңде Оңтүстік Шығыс Азиядағы негізгі тарихи оқиғаларды сипаттаңыз.
2. 1200–1350 жж. кезеңінде Еуропадағы негізгі тарихи оқиғаларды сипаттаңыз.
3. 1200–1350 жж. кезеңінде Африкадағы негізгі тарихи оқиғаларды сипаттаңыз.